

УДК 81.28

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ДИАЛЕКТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Медетова Н.К.,**  
4 курс студенті,  
ҚМПИ, Қостанай қ.,  
Қазақстан Республикасы  
**Қанапина С.Ғ.,**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент, ҚМПИ

### Аннотация

Берілген мақалада Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының сөйлеу тіліндегі диалектілік ерекшеліктер сөз болады. Мақаланың кіріспе бөлімінде қазақ диалектологиясы ғылымының зерттелуіне қысқаша шолу жасалады. Материалдар мен әдістер бөлімінде пайдаланылған материалдар мен қолданылған әдіс- тәсілдер туралы айтылып өткен. Талқылау бөлімінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының сөйлеу тіліндегі диалектілер жинақталып теріліп, ерекшеліктері көрсетілген. Ол диалектілер тақырыптық топтарға бөлініп, талдауға түскен.

### Аннотация

В этой статье рассматриваются диалектические особенности в речи казахов города Уральск Западно-Казакстанской области. В начале статьи исследуются труды посвященные казахской диалектологии. В разделе материалы и методы рассказывается о материалах и методах, которые использовались в исследовательской работе. В разделе обсуждение были собраны диалекты в речи казахов города Уральск Западно-Казакстанской области и показаны их особенности. Диалекты в речи казахов города Уральск были разделены на темовые группы и проанализированы.

### Abstract

This article considers dialectal peculiarities in the speech of Kazakhs living in Uralsk ,city in West Kazakhstan. The introduction of the article is shortly about research of kazakh dialectology. In the part of materials and methods we wrote about methods and materials that were used for our research. In discussion part there were collected speaking dialects of kazakh people of city Uralsk situated in the West Kazakhstan and were shown their peculiarities. Dialects were subdivided into topic groups and were analyzed.

**Түйінді сөздер:** диалектілік ерекшеліктер, халық, аймақ, сөйленіс, лексика,

**Ключевые слова:** диалектические особеннности, народ, регион, говор, лексика.

**Key words:** dialectal peculiarities, population, region, speech, vocabulary.

**Кіріспе.**

Тіл білімінің диалектілер мен говорларды зерттейтін саласы – *диалектология* деп аталады. *Диалектос* – сөйлеу, говор, логос - ілім деген грек сөздерінен құралған.

Диалектологияның міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді.

Диалект, говор деп халықтық, яки ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз. Ол жалпы тілге тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды. Диалект деген термин тілде жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзара ғана тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақты білдіреді. Бұл мағынада диалект халық, не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Негізгі тілдік белгілері бірыңғай говорлары ғана диалект ұғымын тудырады. Белгілі бір халыққа, ұлтқа жаппай түсінікті әдеби тіл нормасынан өзгеше ерекшеліктері болса ғана диалект бола алады. Диалектілік, говорлық ерекшеліктер сөздердің дыбысталуында да кездеседі.

Диалектологияның қалыптасу тарихы этнографиямен тығыз байланысты. Өйткені диалектілер мен диалектілік ерекшеліктер этнографиялық белгілермен ұштасады. Шынында, жергілікті халықтың әдет - ғұрып, тұрмыс - салтындағы заттар мен ұғымдардың атауы болып келетін диалектизмдер аз емес. Осы тұрғыдан алғанда диалектілік ерекшеліктер аса маңызды этнографиялық белгі болып табылады.

*Диалектология* – тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу объектісінің шеңбері кеңейе түсті. Зерттеу ісі халық тіліндегі ерекшеліктерді жинаумен, анықтаумен тынбай, тіл тарихын жасауда да ойдағыдай рөл атқарады. Зерттелу объектісінің саралануына және сипатына қарай диалектология – *сипаттама диалектология* және *тарихи диалектология* болып екі салаға бөлінеді.

Сипаттама диалектологияның міндеті–тілдегі диалектілер мен говорлардың дыбыстық грамматикалық және лексикалық құрылысын сипаттау, сол туралы жүйелі түсінік беру. Тарихи диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен говорлардың, диалектілік ерекшеліктердің пайда болу сырын, тарихын зерттеу. Диалектологияның бұл екі саласы бір - бірімен тығыз байланысты (Сарыбаев, Қалиев, 1991, 7 б).

Диалект сөздерді зерттеген белгілі ғалымдар Ш.Сарыбаев, Ғ. Қалиев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, т.б .

Қазақ тілі диалектологиясының негізін салушылардың бірі С. Аманжолов Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде дәріс беріп жүргенде, Қазақстанның түкпір-түкпірінен, әр жерден келген студенттердің сөйлеу тіл ерекшеліктеріне бірнеше рет 1934 жылы назар аудара бастайды.

Қазақ тіліндегі тіл ерекшеліктерін алғаш рет аңғарып, әр жерде кездесетін өзгешеліктердің себептеріне, ондай айырма сөздердің ана тілімізді байытуға зор үлесі болатыны жайында бірнеше рет мақала жазған жазушы Жүсіпбек Аймауытов екен. Мақала 1926 жылы наурыздың 9- ында «Еңбекші қазақ» газетінде «Тіл туралы» деген атпен жарық көрген. Сөз жоқ бұл мақала диалектологияның зерттелу тарихын, біз айтып жүргендей емес, одан әлдеқайда бұрын 20-шы жылдарда басталғанын дәлелдей түседі (Есимболова, 2001, 47-48 б).

Диалект сөздер жайлы *Есимболова Майра Құрмановна* «Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері» атты еңбегінде мынадай пікір айтады: «Диалектологиялық еңбектерге сүйенсек, бір өңірде жиналған сөздердің басқа жерлерде оның баламасының болу – болмауына қарай, олар сәйкесті, сәйкессіз диалектизмдер деп екіге бөлінеді. Бұған мысал ретінде әдеби тілдегі **топса** орнына Жетісуда - топшы, Жамбыл, Шымкентте – ашық-машық, Түркменстанда – қоспа. **Шатыры жоқ үйді** Жетісуда - тоқал там, Тәжікстанда – кәл там деп атайды. Сондай – ақ жұмсалыста айтылуы бір, бірақ жергілікті жерде қосымша мағына беретін семантикалық диалектизмдерге де орын беріледі.

Жетісу сөйленісіндегі ерекшелік деп айтылатын сөздердің біразы шет елден енген сөздер. Олар жұмсалыста араб – парсы, ұйғыр және орыс тілдерімен ортақ сөздер ретінде қарастырылады.

Диалектілік омонимдер құрамындағы сөздердің диалектіге немесе түрлі диалектілік қатысына қарай диалектіаралық, өзіндік диалект омонимдер болып бөлінеді.

Тіл білімінде синонимдер жайында жазылған еңбектер мол. Тілдік құбылыс ретінде тіл білімінде синоним жан – жақты зерттелген (Есимболова, 2001, 10 б).

Кәсіби лексика туралы *Жүсіпова Бибихадиа* «Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері» атты еңбегінде былай деп жазады: «Ғылыми еңбектерде, энциклопедиялық және лингвистикалық сөздіктерде кәсіби лексика және оның диалектизмдермен ұқсасы мен айырмашылығы жайында пікірлер айтылып, оның анықтамасы берілгені мәлім. Кәсіби сөздер мен диалектизмдердің ұқсастық жағы олардың таралу шегі болатындығы. Кейбір кәсіби сөздер бір – екі не бір облыс көлемінде қолданылса, біразы тар аумақта ғана қолданылады» (Жүсіпова, 2003, 12).

«Диалектілер, сөйленістер (говорлар) – ұлттық тілдің белгілі бір аймақтағы сөз құрауда, сөз тіркесін жасауда тарихи қалыптасқан, өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктері бар тармақтары болып табылады. Алайда ол «дұрыс» сөйлеу тілімен салыстырғанда, нормадан ауытқу болып есептеледі. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын береді. Алайда әдеби тілде жергілікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбарландырып, түсініксіздікке ұрындырады сөзсіз», - дейді *Есенова Қырмызы Есенқызы* «Ә. Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты» атты еңбегінде (Есенова, 2009).

#### **Материалдар мен әдістер.**

Диалектология саласына қатысты ғалымдардың зерттеу еңбектері мен газет-журналдарда жарық көрген мақалалар зерттеудің материалы болды. Жұмыста зерттеу әдісі, жинақтау әдісі, топтастыру әдісі, саралау әдістері қолданылды.

#### **Талқылау мен нәтижелер.**

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының тілінде де жергілікті ерекшеліктер молынан кездеседі. Мысалы, **I. Сындық мағынаны білдіретін диалект сөздер** тобына жататын *керім* сөзі бірнеше мағынада қолданылады: жақсы, әдемі, тамаша, керемет, жарасымды т.б. Сонымен қатар кейбір адамдардың мінез - құлығына да қатысты "*керім* өзі" деген тіркестерді де кездестіріп жатамыз. Бұл жерде адамды жақтыртпау мағынасында айтылады. Ал диалектологиялық сөздікте бұл сөздің мағынасы былай берілген: *Керім* 1. Кербез, сылқым; 2. тамаша, керемет.

*Керім* 1. (Орал, Жән.; Гур. Есб., Инд.; Көкш., Щуч.) жақсы, тамаша, әдемі.

2. (Гур., Маңғ.; Ақт., Қараб.) таңырқарлық, ғажап

*Керім* 2. (Алм.; Жам., Еңб. Қаз.; Көкш., Қ. ту) кербез, сәнқой, сылқым

*Керім* 3. (Гур., Маңғ.; Сем.; Ақс., Көкп., Түрікм., Таш.) өте, аса, тым

*Керім* 4. (Шығ. Қаз., Тарб.) ақ топырақтан салынған үй (ДС, 2002, 346-347 б).

"Жайықтың ақ шағаласы" атанған Ақұштап Бақтыгереева өлеңінен бұл сөзді алғашқы мағынасында қолданғанын көруге болады:

Қуанды ана, жалғыз ұл алды келін,

Қарау үшін көз керек, сәнді **керім**.

Жиырма бес жыл күттірген арманы осы

Сол табардай жүректің барлық емін.

("Ана сыры" 63 бет).

Орал қазақтары үлкен сөзін бірнеше вариантта айтады: дәу, дырау, нән. *Нән* (Түрікм.; Красн., Бекд., Қиян., Таш., Ашх., Гедж.; Жамб., Тал.; Гур.; Орал, Жән.; Қарақ.; Ойыл.; Қ. Орд а.; Сыр., Жал., Карм., Арал) үлкен, көлемді (ДС, 2002, 533 б).

**Ыссы-ыстық.***Ыссы*

1.(Орал,Жаңғ.,Қост.,Аман.;Түрікм.:Ашх.,Таш.,Красн.,Мары;Ақт.:Шалқ.,Ырғ.;Ауғ.;Ир.;Қарақ.) ыстық

*Ыссы* 2. (Қарақ.) қышыма,қотыр (ДС, 2002,771 б).

**II. Туыстық атауға қатысты диалект сөздер****Ақа-аға**

*Ақа* 1.(Алм.,Шел.;Шығ.Қаз.,Зайс.;Жамб.,Жам.) айыр

*Ақа* 2.(Гур.:Мах.,Маңғ.:Есб.;Орал:Жән.,Орда,казт.;Түрікм.,Красн.)аға, кейде өзінен үлкен кісіге қаратпа сөз ретінде де айтылады

*Ақа* 3. (Гур.,Маңғ.) әке (ДС, 2002, 36-37 б).

**Апа** - ана, кейде өзінен үлкен әйел адамға қаратпа сөз ретінде де айтылады.

**Тәте** - жасы үлкен ер адамдар, туыстар.

*Тәте* 1.(Түрікм.,Красн.;Алм.: Нар.,Кег.) баланың туған әкесі. 2.(Сем.:Мақ.,Үрж.) апа,шеше

*Тәте* 2.(Өзб.,Ташк.;Жамб.,Луг) бірге туған ағасы, жасы үлкен туыстар (ДС, 2002,631 б).

**Құдағай-құдағи.**

*Құдағай*(Қ.орда:Арал,Сыр.,Жал.;Маңғ.,Есб.;Орал:Чап.,Жымп.,Жән.,Қара.;Ақт.:Қараб.,Ойыл,Ырғ.;Қост.,Жітік.:Рес.,Орын.;Қарақ.;Ауғ.;Ир.) құдағи (ДС, 2002, 465 б).

**Тума** сөзі жақын адам, туыс мағынасында қолданылады.

**Тәтәй апа** сөзін жергілікті тіл ерекшелігі деп тану дау туғызатын мәселе. Алайда Орал қазақтарының көпшілігі жеңге деген туыстық атаудың орнына осы сөзді көп қолданады.

**Бала** сөзі ұл мағынасында қолданылады.

**Бөпе** сөзі сәби мағынасында айтылады.

**III. Ыдыс- аяқ, тұрмыстық заттарға қатысты диалект сөздер****Тасқұман-аққұман**

**Отырғыш** сөзі Орал қазақтары тілінде орындық мағынасында қолданылады.

*Тасқұман* (Орал,Орда;Рес.,Сарат.) шай шығаратын ақ фарфор шәйнек, аққұман (ДС, 2002,626 б).

**Күрек-қалақ****Кәсе-кесе.**

*Кәсе* 1.(Сем.:Ақс.,Көкп.;Шығ.Қаз.,Күрш.;Орал:Казт.,Орда;МХР) шай ішетін шыны аяқ

*Кәсе* 2.(Қ.Орда,Арал)теңіздің ау салуға қолайлы таяз жері (ДС, 2002, 329-330 б).

**Тырнауыш-тырма.****Атауыз-тістеуік.***Атауыз*

1.(Гур.:Маңғ.,Шевч.,Есб.;Қ.Орда:Арал,Жал.,Қарм.,Қаз.;Ақт.:Ойыл,Ырғ.,Қараб.;Орал:Орда,Казт.,Чап.;Түрікм.:Таш.,Ашх.,Жеб.;Қарақ.) тістеуік. 2.(Өзб.,Бұх.) қысқаш (ДС, 2002, 82 б).

**Жар-қабырға.**

*Жар*1.(Орал:Казт.,Қара.,Орда,Жән.,Чап.;Ақт.:Қараб.,Шалқ.,Ойыл,Байғ.;Гур.:Есб.,Маңғ.,Мақат;Қ.Орда,Арал;Рес.,Орын.;Қарақ.) үйдің қабырғасы

*Жар* 2.(Қ.Орда:Арал,Қарм.) жарты, жарым

*Жар* 3.(Қарақ.) хабар (ДС, 2002, 266 б).

**Айыр-шанышқы.**

**Шылапшын** диалектісі Батыс Қазақстан облысында **леген** деген сөздің орнына қолданылады.

**Сыпырғыш** диалектісі Батыс Қазақстан облысында **сыпыртқы** деген сөздің орнына айтылады.

#### **IV. Тағам атауларына қатысты диалект сөздер**

**Іңкәл-еттің наны**

*Іңкәл* (Орал:Орда,Казт.,Жән.;Гур.,Есб.;Ауғ.;Ир.;Рес.:Сарат.,Қалм.) етке салатын нан (ДС, 2002,777 б).

**Кеспе, сорпа-салма**

**Песок-қант**

**Тұқым-жұмыртқа.**

*Тұқым* (Өзб.,Бост.;Шымк.,Кел.) жұмыртқа (ДС, 2002, 649 б).

**Шағу-шекілдеуік.**

*Шағу*1.(Маң.:Маңғ.,Шевч.;Түрікм.:Таш.,Еөнеүр.,Тахта;Сем.:Абай,Ақс.,Шұб.;Шығ.Қаз.:Больш.,Қатон.,Марк.;МХР) сындыру, қирату

*Шағу* 2. (Орал, Казт.; Рес., Сарат.) күнбағыс және соның дәні, шекілдеуік (ДС, 2002, 688б).

**Шемекі-шекілдеуік.**

*Шемекі* (Ақт.,Ойыл;Орал:Чап.,Жымп.) күнбағыс, шемішке (ДС, 2002,720 б).

**Шағу май, шемекі май-сұйық май.**

**Ас салу-ет асу.**

#### **V. Үй жабдықтары, киім- кешек, атауларына қатысты диалект сөздер**

**Көпшік-жастық.**

*Көпшік* 1.(К.Орда:Сыр.,Жал.,Қарм.;Жамб.,Шу;Алм.:Еңб. Қаз.,Шел.;МХР) ер үстіне салу үшін арасына жүн, қыл салып тігілген көрпеше. 2.(Ауғ.;Ир.) адамның астына төсейтін кішкене көрпеше. 3.(Түрікм.,Таш.) ұзынша етіп тігілген еңсіз шағын көрпеше

*Көпшік*2.(К.Орда,Арал;Орал,Орда;Ақт.:Ойыл,Шалқ.,Ырғ.;Гур.,Есб.;Түрікм.:Красн.,А шх.,Таш.;Рес.,Орын.;Қарақ.) бір кісілік кішкене жастық. 2.(Қост.,Жітік.;Жезқ.,Ұлы.) екі кісілік үлкен жастық (ДС,2002, 366 б).

**Мәләқай-бас киім.**

#### **VI. Заттық мағынаны білдіретін диалект сөздер**

**Мышық-мысық.** Бұл жерде *ш* және *с* дыбыстарының алмасуы арқылы диалект сөз жасалып тұр.

**Ұсқын-түр.** Негізінен ұсқын Солтүстік Қазақстан облысы қазақтарының тілінде ұсқынсыз, жағымсыз мағынасында қолданады.

**Пітәқана-шіркей**

**Алажақ-алатын пайдасы.**

**Бережақ-беретін пайдасы**

**Шарбақ** диалектісі Батыс Қазақстан облысында аула сөзінің орнына айтылады. Оны мына үзіндіден көруге болады.

Қуаты тұқымына тартқан - дағы,

Төздірмей үзді барлық арқандарды.

Ішіне талай жүйрік түнеп келген

Бір күні тал **шарбақты** талқандады.

("Асау құлын " 66 бет).

#### **4. Қорытынды.**

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының сөйлеу тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеу барысында диалектілер тақырыптық топтарға - сындық мағынаны білдіретін диалект сөздер тобы, туыстық атауға қатысты диалект сөздер тобы, ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттарға қатысты диалект сөздер тобы, тағам атауларына қатысты диалект сөздер тобы, үй жабдықтары, киім-кешек атауларына қатысты диалект сөздер тобы, заттық мағынаны білдіретін диалект сөздер тобы деп алты топқа бөлінді. Жалпы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының сөйлеу тіліне тән 37 диалект сөз теріліп, талданды. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы қазақтарының сөйлеу тіліндегі диалектілік ерекшеліктер басқа облыс, қала тұрғындарының сөйлеу тілімен салыстырылды. Диалектілердің мағыналары диалектологиялық сөздік арқылы ашылды. Кейбір диалектілер сөздікке енбей қалған.

**Әдебиет тізімі**

«Диалектологиялық сөздік» Алматы «Арыс» 2002 , 800 бет.

Есенова Қ.Е. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы – 2009. – 24б.

Есимболова М.Қ. «Жетісу сөйленісінің ерекшеліктері» Филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты, Алматы 2001, 30 бет.

Жүсіпова Б.И. «Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері» Филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты, Алматы 2003 ,29 бет.

Сарыбаев Ш., Қалиев Ғ.« Қазақ диалектологиясы » Алматы «Ана тілі» 1991, 198 бет.